

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қыркүйек N 1258. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.15. N 1330 қаулысымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы N 2463 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2."Қазақ ССР-інің жануарлары мен өсімдіктерінің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерінің Кітабын - "Қазақ ССР-нің Қызыл кітабын" белгілеу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 16 қантардағы N 20 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., N 4, 13-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 13 қыркүйектегі

N 1258 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы бөлімі

1. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған және республика аумағында сирек кездесетін, саны азайып келе жатқан әрі құрып кету қатері төніп отырған жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің жай-күйі туралы мәліметтердің, оларды зерделеу, қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөніндегі қажетті шаралардың жиынтығы бар негізгі құжат болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы сонымен қатар Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі мемлекеттік кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына Қазақстан Республикасының

аумағында құрғақта, суда, атмосфера мен жер қыртысында еркін жағдайда тұрақты және уақытша мекендейтін жануарлар (сүт қоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қос мекенділер, балықтар, сондай-ақ ұлутектілер, шыбын шіркейлер және басқалары) мен өсімдіктердің түрлері (тұқымдастары, өсіп-өнуі)

е н е д і .

Саны мен өсірілу жағдайы олардың тектік қорының молаюы мен сақталуына қатер тәндірмейтіндей шекке жеткен жануарлар мен өсімдіктер түрлері (тұқымдастары, өсіп-өнуі) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан

ш ы ғ а р ы л у ғ а

ж а т а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер түрлері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында ерекше қорғауға алынады. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайда, бұл түрлерін аулауға (жинауға) бүкіл республика аумағында тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің (тұқымдастардың, өсіп-өнуінің) жойылып кетуіне, сандарының азаюына және тіршілік ететін ортасының нашарлауына әсер ететін әрекеттерге

ж о л

берілмейді .

II. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының құрылымы

5. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жануарлар мен өсімдіктер деп аталатын екі томнан тұрады. Әр томды жеке кітап немесе бірнеше бөлім (бөлімдер топтары немесе жеке бөлімдер бойынша) түрінде де шығаруға болады және онда қосымша ретінде Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кету қаупі бар түрлері мен тұқымдастарының түсініктеме тізбесі, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы Ереженің мәтіні және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі басқа да нормативтік құжаттар беріледі. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы қазақ және орыс тілдерінде шығарылады, басқа кез келген тілге де

а у д а р ы л у ы

м ү м к і н .

6. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерін сипаттау тәртібін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі тиісінше зоологиялық және ботаникалық комиссиялар белгілейді.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген организмдердің әр түрі (тұқымдастары, өсіп-өнуі) үшін мынадай негізгі деректер келтіріледі: түрдің латынша, қазақша және орысша атауы; мәртебесі (жойылып бара жатқан, саны азайған, сирек кездесетін, саны белгісіз, қалпына келтірілген); түрдің сыртқы бейнесі; Қазақстанда бұрын және қазіргі кезде таралуы, картасымен бірге, саны

мен оның өзгеру барысы; негізгі лимиттеуші факторлар және саны мен таралу аймағының өзгеру себептері; жасанды жағдайда, ырықсыз және қалыпты ортада есіру мүмкіндігі туралы мәліметтер; тұрдің тектік қорын сақтауда Қазақстан Республикасы аумағында өсіп-өну тіршілігінің ролі; қорғаудың қолданылған және қажетті шаралары; ақпарат көздері. Қажет болған жағдайда, сондай-ақ организмнің жастық және маусымдық ерекшеліктері де (личинка, жұмыртқа салуы, қуыршақ, өсімдік бөлігі және басқалар) сипатталады.

III. Жануарлар мен өсімдіктерді Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу және одан шығару тәртібі

7. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жануарлар мен өсімдіктердің сол немесе өзге түрін (тұқымдастарын, өсіп-өнуін) енгізуге және оның мәртебесін айқындауға санының қисапсыз азаюы, таралу аймақтарының қысқаруы, тіршілік ету жағдайының қолайсыз өзгеруі туралы деректер немесе оны қорғау мен өсімін молайту жөнінде шұғыл шаралар қолданудың қажеттігі туралы дәлел келтіретін кез келген басқа да деректер негіз болады. Халықаралық табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау одағының тізіміне (ХТҚО-ның Қызыл кітабы) енген сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлардың (өсімдіктердің) түрлері Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына бірінші кезекте енгізіледі.

8. Жануарлар мен өсімдіктердің кез келген түрін (тұқымдастарын, өсіп-өнуін) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу немесе Қызыл кітаптан шығару туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық және ботаникалық комиссияларға ұсынылады.

9. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу, одан шығару және кез келген түрін (тұқымдастарының, өсіп-өнуінің) мәртебесі туралы мәселелерді қарау үшін екі ведомствоаралық - зоологиялық және ботаникалық комиссиялар құрылады, олардың құрамына жұмыс орындарына қарамастан осы салалардың жетекші мамандары (Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің, табиғатты қорғау жөніндегі жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың және басқаларының) кіреді. Комиссия құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Комиссияның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық және ботаникалық комиссиялар туралы Ережемен белгіленеді, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

10. Жануарлар мен өсімдіктердің кез келген түрлерін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу (одан шығару) туралы шешімді зоологиялық және ботаникалық комиссиялар қабылдайды, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

IV. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу тәртібі

11. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын осы Ережеге сәйкес мұдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақстан республикасының Ұлттық ғылым академиясы жүргізеді.

12. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын ол жөніндегі зоологиялық және ботаникалық комиссиялардың ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Тұпнұсқасының бірдей күші бар Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының үш данасының біреуі - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінде, екіншісі - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінде, үшіншісі - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Төралқасында болады. Осы Ережеде (7,8,9,10 тармақтар) белгіленген тәртіппен қабылданған қосымшалар мен өзгертулер үш мәтінге бір мезгілде енгізіледі. Қалған барлық басқа даналары Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының көшірмесі болып саналады.

Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының көшірмелерін тарату тәртібін мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы белгілейді.

13. Қазақстан Республикасы Қызыл кітабының көшірмесін көбейту мұдделі министрліктермен және ведомстволармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының бірлескен шешімімен жүзеге асырылады. Қөркемдік безендірілуін қосқанда, полиграфиялық жағынан орындауға, таралымын көбейтуге және шет тілдерге аударуға орындау сапасына кепілдік ететін заңдарда белгіленген тәртіппен құқық беріледі.

14. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктерді қорғаудың тиімділігін арттыру және оларды сақтау мен өсімін молайту жөніндегі шараларды жедел жоспарлау үшін, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын шығарып, таратылуына қарамастан Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жыл сайын

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енген, саны азайған және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің, сондай-ақ Қызыл кітаптан шығарылғандарының тиісті жылдың 1 қаңтарына дейінгі тізбелерін жасап, оларды қызметтері жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғаумен байланысты республиканың министрліктеріне, ведомстволарына, атқарушы және өкілдікті өкімет органдарына, мекемелерге және қоғамдық ұйымдарға таратуды қамтамасыз етеді. Аталған тізбелерді жасау және тарату тәртібін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы жөніндегі зоологиялық және ботаникалық комиссиялардың ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі белгілейді.

V. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жөніндегі деректерді жинаудың және шараларды белгілеудің тәртібі

15. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің жайы мен пайдалануына мемлекеттік бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жүзеге асырады. Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің есебін Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қатысуымен жануарлар дүниесін мемлекеттік басқарудың арнайы уәкілді органдары жүргізді.

16. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар өздеріндегі Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің таралуы, саны, пайдалануы туралы мәліметтерді аталған жануарлардың мемлекеттік есебін жүргізетін және олардың пайдалануына бақылау жасайтын органдарға беріп тұруға міндетті.

17. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің әрбір түрінің (тұқымдастарының, өсіп-өнуінің) таралуы, саны, биологиясы, пайдаланылуы туралы қолда бар деректер негізінде Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы ғылым академиясымен бірлесе отырып, осы жануарлар мен өсімдіктерді зерттеу, қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды белгілеуді.

18. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер түрлері (тұқымдастарын, өсіп-өнуі) жөніндегі ғылым-зерттеу жұмыстары басымдылықты ғылыми бағыт болып табылады. Оларды үйлестіруді Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы жүзеге асырады; ол саны жағынан азайған және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер

түрлерін (тұқымдастарын, өсіп-өнуін) зерттеудің арнағы бағдарламаларын жасады.

19. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген саны азайған және жойылып кету қаупінде тұрған жануарлар мен өсімдіктер түрлерін (тұқымдастарын, өсіп-өнуін) аулау мен жинау, осы жануарлар мен өсімдіктердің үясын, жұмыртқаларын, жемістерін, тұқымдарын, бөліктері мен өнімдерін жинауға, сол сияқты Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктерінің түрлерін сақтап қалуға зиянын тигізетін жануарлар мен өсімдіктерді республика ішіне әкелуге де Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жол беріледі.

Аталған рұқсатты беру тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер
Кабинеті бекіті

белгілеуді.

20. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабындағы жануарлар мен өсімдіктер түрлері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялануға, теледидардан берілуге және барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен азаматтардың қаперіне жеткізілуге жатады.

21. Мемлекеттік кәсіпорындар органдары, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ азаматтар Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің өлім-жітімі туралы анықталған барлық жағдайларды, аталған жануарлардың жаппай қырылуы немесе жаппай ауруға ұшырауы туралы фактілерді Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігіне және оның жергілікті органдарына хабарлап отырады.

22. Осы Ережені бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілік белгіленеді.

23. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктерді құру арқылы немесе олардың тіршілік ететін орындарын, көбею және қоныс аудару жағдайын бұзу арқылы елдің табиғи байлықтарына зиян келтірген кінәлі кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтар белгіленген тәртіппен орнын толтырады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген заңсыз ауланған жануарлар мен жиналған өсімдіктер және олардан жасалған өнімдер белгіленген тәртіппен қайтарып алынады, ал бұзылған табиғи орта тікелей кінәлілердің есебінен қалпына келтіріледі.